



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН Ш Е Ш І М

2026 жылғы 12 ақпан №5266-25-00-2/8826 іс

Шымкент қаласы

Шымкент қаласының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.М.Рустемова
сот отырысының хатшысы А.Қожабаеваның қатысуымен,
ашық сот отырысында,қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ОЮШЫ:

ЖАУАПКЕР:

ТАЛАП ҚОЮШЫ ЖАҒЫНАН ДАУДЫҢ НЫСАНАСЫНА ДЕРБЕС ТАЛАПТАРЫН МӘЛІМДЕМЕЙТІН ҮШІНШІ ТҰЛҒА:

Шымкент қаласы жеке сот орындаушысы Біләлов Бауыржан Мелдеханұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:

тұрақты ақшалай сомада алимент өндіру туралы

СОТ ОТЫРЫСЫНА АТЫСҚАНДАР:

Талап қоюшы А.А.Т ;

Талап қоюшының сен мд өк л .Т.Саржанов;

Жауапкер Е.Ш. ;

Жеке сот орындаушысы . .Біләлов.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Анықталғаны: талап қоюшы А.А. мен жауапкер
Е.Ш. кәмелетке толмаған 20 жылы тамызда туылған
, 2011 жылы 15 қарашада туылған
алқа ек асиет ланқызы және 2016 жылы 25 қарашада туылған
ата-анасы болып келеді.

анды күш не еңген жылғы қарашадағы Шымкент қаласының
Абай аудандық сотының шешімі негізінде тараптар арасында тіркелген некесі
бұзылған.



Шымкент қаласының Абай аудандық сотының 2019 жылғы 26 қыркүйектегі №5210-19-00-2/6048 сот бұйрығы негізінде жауапкер Б.С. талап қоюшы А. пайдасына кәмелетке толмаған 2009 жылы тамызда туылған , 2011 жылы 15 қарашада туылған ызы және 016 жылы 25 қарашада туылған р ұланұлын асырап-бағу үшін ай-сайынғы табысының және немесе өзге де кірісінің 1/2 (екіден бір) бөлігі мөлшерінде 2019 жылғы 24 қыркүйектен бастап алимент өндірілген.

Талап қоюшы А.А. сотқа талап қоюмен жүгініп келесідей уәждеді: жауапкер Е.Ш. ұрат ековтен ортақ балаларын күтіп-бағуына 2019 жылдан бастап алимент ресми еңбекақысынан ұсталып келетіні, осы жылдар бойы оның табысы құжаттарда ең төменгі жалақы мөлшеріне толық сәйкес болған алдымен 44 000, кейін 60 000, 70 000, 85 000 теңге. Еңбек нарығы өзгеріп отырған жағдайда және Е.Ш. іс жүзінде атқаратын лауазымның жауапкершілік деңгейін ескере отырып, табыстың мұндай «тұрақтылығы» тек жұмыс берушінің ресми төлемдерді қасақана төмендетуімен және нақты табысты жасыруымен ғана түсіндірілуі мүмкін екені, нәтижесінде А.А. балалары өте мардымсыз алимент алып келгені, әр балаға асырап бағуға арналғаны 14 000 теңгеден, бұл ең төменгі күнкөріс деңгейін де жаппайтыны, баланың негізгі қажеттіліктерін қамтамасыз ете алмайтыны, бұл баланы лайықты қамтамасыз етуге жеткіліксіз екені, Е.Ш. нақты жалақысы шамамен 1 000 000 теңге, бұл ресми мәліметтермен сәйкес келмейтіні, нақты табыстағын қасақана жасырып жатқаны туралы көрсетіп, Е.Ш. өзінің, яғни А.А. пайдасына ай сайынғы мөлшерінде тұрақты ақшалай сома түрінде алимент өндіруді сұрады.

Жауапкер Е.Ш. талап қоюға қарсы пікір келтіріп, онда 2019 жылдың 26 қыркүйектегі сот бұйрығы негізінде А.А. пайдасына үш баланы асырап бағуына заң талаптарына сәйкес үздіксіз алимент төлеп жатқаны, алимент төлеуден жалтармағаны, талап етіп отырған 100 АЕК мөлшерде алиментті төлеуге материалдық жағдайы жетпейтіні, қазіргі таңдағы жалақысы 108 000 теңге құрайтыны, сондай-ақ жұмыс беруші әр 4-5 айда айлық жалақысының мөлшерін көтеріп отыруға уәде бергені, өзге де табыстары бар деген уәжі шындыққа жанаспайтыны, өйткені өзі жеке кәсіпкер емес екені, жұмыс орны ауысқан уақытта сот орындаушыға мәлімдейтіні, талап қоюшының өзі де хабардар болатыны, тұрақты мөлшерде алимент өндіруге негіз болмауына байланысты талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрайтынын көрсеткен.

Сот отырысында талап қоюшы А.А. талап қоюдың талаптарын қолдап, онда көрсетілген дәлелдемелерге сілтеме жасап, жауапкердің төлеп жатқан алимент мөлшері ешнәрсеге жетпейтіні, тұрмыстық жағдайына, сондай-ақ балалардың бала бақшасына, мектебіне ай-сайын ақша төлеп тұруына алименттің ақшасы жетпейтіні, өзі жұмыс істейтіні, айлық жалақысы 687 000 теңге құрайтыны, алайда үш кәмелетке толмаған баласын асырап-бағуына, толыққанды өмір сүрулерін қамтамасыз етуіне жалғыз өзіне қиын екені туралы көрсетіп, талап қоюды толығымен қанағаттандыруды сұрады.



Сот отырысында талап қоюшының сенімді өкілі Г.Т.Саржанов талап қоюдың талаптарын қолдап, онда көрсетілген дәлелдемелерге сілтеме жасап, талап қоюды толығымен қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер Е.Ш. сот отырысында талап қоюды мойындамай, талап қоюшымен 2 жылы ажырасып кеткені, алайда ортақ балаларына алиментті 2019 жылдан бастап төлеп жатқаны, алимент бойынша қарызы 230 000 теңге екені, қазіргі таңда айлық жалақысы 108 000 теңге құрайтыны, сондай-ақ жұмыс беруші әр 4-5 айда айлық жалақысының мөлшерін көтеріп отыруға уәде бергені, өзге де табыстары жоқ екені, балаларына алимент төлеуден бас тартпайтыны, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Жеке сот орындаушысы Б.М.Біләлов жауапкердің алимент бойынша қарызы 231 000 теңге құрайды, ай-сайын алимент ұстау жалақыдан жүргізілетіні, басқа кірістер анықталмағаны туралы айтып көрсетті.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексінің (әрі қарай Кодекс) 139-бабына сәйкес кәмелетке толмаған балаларды күтіп- бағуға сот тәртібімен өндіріп алынатын алименттің мөлшері алимент төлеу туралы келісім болмаған кезде сот кәмелетке толмаған балаларға олардың ата-аналарынан алиментті ай сайын мынадай мөлшерде: бір балаға - ата- анасы табысының және (немесе) өзге де кірісінің - төрттен бір бөлігін, екі балаға - үштен бір бөлігін, үш және одан да көп балаға тең жартысын өндіріп алады.

Бұл үлестердің мөлшерін сот тараптардың материалдық немесе отбасылық жағдайларын және назар аударарлық өзге де мән-жайларды ескере отырып, кемітуі немесе көбейтуі мүмкін.

Сотта анықталғандай, жауапкер Е.Ш. талап қоюшы А.А. пайдасына 2009 жылы тамызда туылған р ұланұлы, 2011 жылы 15 қарашада туылған алқа ек асиет ланқызы және 2016 жылы 25 қарашада туылған асырап-бағу үшін оның табысының немесе өзге де кірісінің тең жартысы бөлігі мөлшерінде 2019 жылғы 24 қыркүйектен бастап алимент өндіру туралы сот бұйрығы бар.

Кодекстің 141-бабының 1-бөлігіне сәйкес ата-аналардың кәмелетке толмаған балаларына алимент төлеу туралы келісімі болмаған кезде және ата-ананың табысына және (немесе) өзге де кірісіне үлестік қатынаста алимент өндіріп алу мүмкін болмаған, қиындық тудырған немесе тараптардың бірінің мүдделерін елеулі түрде бұзатын жағдайларда, сот тұрақты ақша сомасында немесе бір мезгілде үлеспен және тұрақты ақша сомасында ай сайын өндіріп алынатын алимент мөлшерін айқындауға құқылы.

Мұндай жағдайларға тұрақты емес, өзгермелі табысы және (немесе) өзге де кірісі бар не, егер ата-ана табысын және (немесе) өзге де кірісін толығымен немесе ішінара заттай алатын ата-аналардан алимент өндіріп алу жатады.



2019 жылғы 29 қарашадағы №6 «Соттардың алименттерді өндіріп алу жөніндегі істерді қараған кезде заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысының 28-тармағына сәйкес АПК-нің 240-бабының жетінші бөлігіне сәйкес, жауапкерден мерзімдік төлемдерді өндіріп алынатын шешім заңды күшіне енгеннен кейін төлемдердің мөлшерін анықтауға немесе олардың ұзақтығына ықпал ететін мән-жайлар өзгерсе, тараптардың әрқайсысы жаңа талап қою арқылы мерзімді төлемдердің мөлшері мен мерзімдерін өзгертуді талап етуге құқылы.

Алименттер төлеушінің табысына және (немесе) өзге де кірісіне үлестік қатынаста сот шешімі (сот бұйрығы) бойынша кәмелетке толмаған балаға алименттер өндіріп алу алименттер алушыға заңда көзделген негіздер болған кезде (Кодекстің 141-бабы) алименттерді тұрақты ақша сомасында және (немесе) бір мезгілде үлеспен және тұрақты ақша сомасында өндіріп алуды талап етуге кедергі келтірмейді.

2019 жылғы 29 қарашадағы №6 «Соттардың алименттерді өндіріп алу жөніндегі істерді қараған кезде заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысының 11-тармағына сәйкес егер алименттер төлеуге міндетті ата-ананың тұрақты емес, өзгермелі табысы және (немесе) өзге де кірісі болса не осы ата-ана табысын және (немесе) өзге де кірісін толығымен немесе ішінара заттай немесе шетел валютасында алса немесе оның табысы және (немесе) өзге де кірісі болмаса, сондай-ақ алименттерді ата-ананың табысына және (немесе) өзге де кірісіне үлестік қатынаста өндіріп алу мүмкін болмаған, қиындық туғызатын немесе тараптардың бірінің мүдделерін едәуір бұзатын басқа жағдайларда, сот ай сайын өндіріліп алынатын алименттердің мөлшерін тұрақты ақша сомасында немесе бір мезгілде үлеспен және тұрақты ақша сомасында айқындауға құқылы.

Сот отырысында жауапкер Е.Ш. «KazProjectbuild» жауапкершілігі шектеулі серіктістігінде жо алаушы электрші болып қызмет атқарғаны және айлық еңбекақысы 108 000 теңге екені сенімді түрде анықталды, айлық туралы анықтамасымен расталды.

Жауапкердің жалақы мөлшері анықталған, заттай түрде немесе шетел валютасында табысы жоқ. Алиментті үлестік қатынаста есептеу қиындық тудырмайды, сондықтан сот, алиментті тұрақты ақша сомасында түрінде өндіруге объективті және заңды негіздер жоқ деп есептейді.

2003 жылғы 11 шілдедегі №6 «Азаматтық істер бойынша сот шешімі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысының 11-тармағына сәйкес, шешім істің мән-жайлары туралы болжамдарға негізделуі мүмкін емес.

Талап қоюшының себеп деп көрсеткен, алып жатқан алименттің мөлшері аз болғандығынан, тұрақты ақша сомасында ай сайын өндіріп алынатын алимент мөлшерін айқындауға негіз бола алмайды.

Қолданыстағы неке-отбасы заңнамасының нормаларына сәйкес кәмелетке толмаған баланы асырауға алиментті тұрақты ақша сомасында түрінде тағайындау, тек Қазақстан Республикасы «Неке (ерлі-зайыптылық)



және отбасы туралы» Кодексінің 141-бабында тікелей көзделген жағдайларда ғана мүмкін.

Көрсетілген мән-жайлардың болмауына байланысты сот талап қоюды қанағаттандырудан бас тарту жөнінде қорытындыға келеді.

АПК-нің 48-бабы 2-тармағына және 225- бабы 2-тармағына сай, сот өз бастамасы бойынша талап қою нысанасын немесе негізін өзгертуге құқылы емес. Сот істі талап қоюшы мәлімдеген талаптар шегінде шешеді.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Жоғарыдағылардың негізінде, АПК-нің 223-226, 229-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы жауапкер
ековичке, үшінші тұлға ымкент қаласы жеке сот
орындаушысы ләлов Бауыржан Мелдеханұлына тұрақты ақшалай сомада алимент өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырудан бас тартылсын.

Шешімге наразы болған тарап Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексінің 403, 404 баптарының талаптарын сақтай отырып, Шымкент қалалық сотының апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты арқылы шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде апелляциялық шағым немесе наразылық келтіруге құқылы.

Судья

А.М.Рустемова

